

ӘЛЕКЕМ – ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

Менің академик Әлкей Марғұлан есіміне қанығуым, жекелеген ғылыми еңбектерімен таныстығым – университеттің бірінші курсынан басталады. Міндетті дәріс қазақ фольклорына қатысты деректік, теориялық әдебиетті жаппай игеру үстінде, орыстың арғы-бергі озық оқымыстыларымен қатар, Әлекеңнің 30–40-жылдар тоғысында әрқилы журналдарда басылған мақалаларын да қарастырған едім. Кейінірек, қазақ эпосы туралы дипломдық жұмыс үстінде тереңірек үңілуге тура келді. Аспирантура жылдары – одан әрмен. Әлкей Марғұлан өз тұрғыластарынан мүлде оқшау тұр екен. Ежелгі эпосты сол кезеңдегі ағым бойынша тек идеялық мазмұн, образдар жүйесі тұрғысынан емес, тарихи-генезистік негізде талдайды. Бұл кезде атақты ғалымның өзін де көрген едім. Ғылым академиясында, әдебиет және тарих саласындағы әрқилы диссертациялық қорғаулар, және, нақты есімде жоқ, әлдебір жиында, түптеп келгенде төрт-бес рет. Орайымен жарыссөзге шыққан академик Марғұлан, талқы тақырыбы не туралы болса да, сөз сорабын ескілікті қазақ мәдениеті, ежелгі сөз өнері және осы тараптағы орыс һәм әлемдік үлкен ғылымның ой-толғамдары мен өзгеше сыпатына бұрып әкететін. Сәл-пәл қырылы бар, қалыпты даусымен, кейде аз-маз еңтігіп, елеусіз кідіріс жасап барып, төгіле сөйлеп тұрады. Мен үшін ғана емес, жалпы жұрт үшін әсері өзгеше. Кең көлемді сауат ашу сабағы іспетті. Ғұлама ағамыз тақырыптан ауытқып кетсе де, ешкімге сөлекет көрінбейді. Бұл кезде мен Әлекеңнің ежелгі эпос туралы докторлық диссертациясы негізінде бұрнада жарияланған, әр тарапта шашырап жатқан жекелеген мақалаларымен қатар, қазақ халқының ежелгі рухани және мәдени мұралары, заттық жәдігерлер, оның ішінде бағзы кенттер мен жалпы қазақ археологиясына қатысты еңбектерін де іждағатпен қарастырып шыққам. Бәрі де нақты, деректі және ойлы, танымынды арттырып, өрісінді кеңейтер өзгеше зерттеулер болатын. Орыс ғылымының дәстүрімен, Мұхтар Әуезовтың 60 жылдығына орай арнайы басылған ғылыми мақалалар жинағындағы (М.О.Ауэзову. Сборник статей к его шестидесятилетию. А., 1960) ежелгі қазақ эпосын жасаушылар туралы көлемді мақаласы айрықша құнды көрінген.

Мен ақыры, 1965 жылы май айында Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет айғақталған, саясат ыңғайына қарай, жанамалап «XV–XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» деп аталған соқталы еңбегімді тәмам қылдым. Кандидаттық диссертация. Сыртқа сызын шығармай, бүгіп, жабық ұстап отырған еңбекке енді кеңінен жол ашу қажет еді. Әр тұсынан ойып алынған жекелеген мақалалар тамыз айынан бастап, «Қазақ әдебиеті» мен «Лениншіл жас» газеттерінде жарияланды, «Қазақстан мұғалімдері» мен «Білім және еңбек» журналдары бір-бір мақаладан қабылдады, аса мәнді бір тарауы «Тіл және әдебиет мәселелері» аталатын ғылыми жинақта басылып жатыр. Енді атаулы

диссертация Университет филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасында талқыға түсуге тиіс. Өзім бес жыл студент, оған жалғас үш жылдық аспирантура, жиыны – он жеті жастағы баладан жиырма бес жасар жігітке дейінгі аралық – сегіз жыл бойы көз алдарында жүрген, ешқайсының жолын кесіп өтпеген ағаларым – доктор, профессор, ғылым кандидаты, доцент – үлкен-кішісі түгелімен, 1965 жыл, 11 октябрь күні өткерілген талқыда, аяқ астынан жаңа бір жау тапқандай, талақтары қак айрылып, үлкен қарсылық танытты. Тек осы кезде университетте уақытша дәріс өткізіп жүрген Мәлік Ғабдуллин ғана мені жақтап, жай ғана жақтамай, аса жоғары баға беріп, таразы басын бұрғандай еді. Мен өзімнің қорытынды сөзімде ешқандай мәймөңкесіз, қатқыл, және дәйекті айғақтармен, өзіме тағылған айып пен сын атаулыны түгелдей теріске сайдым. Ғылыми жетекшім, талқыға төрағалық етіп отырған кафедра меңгерушісі Бейсенбай Кенжебаев ақыр түбінде оң шешім шығарған еді, еңбек қорғауға ұсынылсын, ресми оппонент ретінде қазақ тарихы мен әдебиетінің білгірі академик Әлкей Марғұланға ұсыныс жасалсын, деген. Яғни, сырттай қарағанда бәрі де жөн, ал шын мәнісінде, маған теріс топ – Зейнолла Қабдолов, Ханғали Сүйіншәлиев, Есмағамбет Ысмайылов, Белгібай Шалабаевтар түгелдей Ғылыми кеңес мүшесі, алдағы ресми қорғауда қарсы дауыс бермегі, онымен де тоқталмай, қалған жұрттың біразын соңдарынан ала кетіп, өткізбей тастауы анық еді. Менің Қазақ хандығы дәуірінен қаншама жаңалық ашқан ерекше еңбегімнің ресми қорғауы белгісіз уақытқа кейін шегерілген. Шырғалаң, залалды жағдай. Мәселе әлдебір жас жігіттің, әрине, ол заманда айрықша мәнді ғылыми атақ алуында емес, Қазақ дейтін халықтың әзірше жабық жатқан ежелгі әдебиетін айғақтау тарабында болатын. Ол кезде гуманитария саласындағы диссертация атаулының ресми жағдаяты бар, мәселен, XV–XVIII ғасырлар – Қазақ хандығы дәуірінде өзіндік әдебиет болды деп дәлелдеп, еңбек қорғап шықсаңыз, бұл – заңды танымға парапар, ал қорғай алмасаңыз, ондай әдебиет, яғни ежелгі мұраларыңыз жоқ деген сөз. Бұл бағдар – қазақ әдебиетін қадым замандардан бастау туралы алғаш рет Бейсенбай Кенжебаев мәселе көтерген еді. Әуелде 1941 жылы, қазақ хандығы дәуірінде ұлттық әдебиетіміз де болды деген тұрғыда. Ал 1950-жылдардың соңында – қазақ әдебиетінің түп тамыры ежелгі Түрік заманындағы мұраларға барып ұштасатыны жөнінде. 1950–1960 жылдар тоғысында бұл тарапта әжептәуір айтыс болған, ежелгі әдебиет бастауына Мұхтар Әуезовтің өзі қарсы шыққан, ал Қажым Жұмалиев келеке, мазаққа айналдырып еді. Енді міне. Сол өзекті сарынның жаңа тұрғы, жаңа дәлелдермен қайта көтерілуі.

Енді мен асықпай, үлкен майданға тыңғылықты дайындалуым қажет еді. Дайындық болғанда, осы тараптағы зерттеу еңбегімді ортасынан ойып, шетінен бөліп, жағалай жарияға жеткізу. Басқа амал жоқ. Әлкей ақсақалға осындай еңбек жазылғаны және оппонент болуға ризашылығы сұралған хат жазылса керек. Келісіпті. Алайда, диссертацияның өзі тығырыққа тіреліп тұр. Менің қаламгерлік-зерттеушілік қызметімнің осы әуелгі кезеңінде байыппен ойластырған ұтымды бір амалым болды –

уақыт оздыру, сабырмен артын күткен әрекетсіздік. Біз қайткенде танымал әдебиет сыншысы және зерделі әдебиет тарихшысы ретінде жалпы жұртқа мағлұм болуға тиіс едік. Яғни, үлкен даңққа жетпесең де, қажетті мөлшерде атың шығуы керек. Сонымен қатар, ежелгі әдебиет тарихын негіздеу тарабында Бейсенбай Кенжебаев та төтенше шаралар қарастыра бастаған. Ең алдымен бұл пән жоғарғы мектеп филология факультеттерінің оқу программасына енгізіледі. Енді, өткерілуі міндетті дәрістің оқулығы мен хрестоматиясы қажет екен. Әуелі «филология факультеттері студенттеріне арналған» «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» дайын болды. Құрастырушылар – Бейсекемнің өзі бастаған аспирант шәкірттері: Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин, Қабиболла Сыдиқов және жол ортадан сығылысып еніп кеткен Ханғали Сүйіншәлиев. Тосын кітаптың аннотациясын Жоғарғы және арнаулы орта оқу министрлігі мақұлдаған соң, оқулық атаулыға жауапкер «Мектеп» баспасының 1967 жылғы жоспарына бекітілген еді. Бейсекем министрдің өзінің алдына барып өткізіпті, ал баспаның тиесілі бөлімінде біздің Мырзатайдың досы, кейінде белгілі тіл маманы, балуан кейіп, ер мінезді Бақытжан Хасанов деген жігітіміз отырған. Алайда, дайын қолжазба бөгеле берді, уақыт озып барады. Ақыры, 1966 жылы күзге салым Хрестоматиямыздың редакциялық жұмыстары жасалып бітті. Енді ресми талқыдан өткізіп, өндіріске жіберу керек. Біз тобымызбен бардық. Бейсекең қосымша көмекке академик Әлкей Марғұланды шақырыпты. Біздің көне дәуірден басталатын әдебиет тарихы туралы концепциямызға қарсы күрес тобынан академик, доктор, профессор Қажым Жұмалиев бастаған мықтылар келіпті.

Мәжіліс алдында редакция меңгерушісі Бақытжан Хасанов мені сәл онашалады. “Мұхтар, мына Қажым ағаң сәл қитығып отыр, не айтпағын білесің, менің естуімше, саған біраз сыны бар сияқты, бұл жерде даудамайдың керегі жоқ, көтере сал, жауап қайырма, ақыр түбі өз қолымызда ғой, кітап басылады”, – деді. Хош. “Мейлі”, – дедім. Редкеңес басталды. Бақытжан сөйледі, мән-жайды қысқаша айтты, Жоғарғы мектептің министрлік бекіткен программасына сәйкес шығарғалы отырмыз деді. Хрестоматияға жауапкер баспа редакторы сөйледі, қолжазбаның құрамын, құрастырушыларын хабарлады. Содан соң-ақ академик Жұмалиев көтерілді. Әрең шыдап отыр екен. Өршелене, зілдене сөйледі. Баяғы әуен. Ежелгі әдебиет деген – бос сөз. Қазаққа қатысы жоқ. Қатысы болса да, мәні, мазмұны, идеясы советке жат. Яғни, керексіз ғана емес, зиянды. Жайпап үйренген әдетпен, жан-жағына қаранып, суық жымыып, орнына отырды. Сөз кезегі Марғұланға көшті. Ескі тарихқа кетті. Ежелгі мәдени мұралардан тартты. Рухани өмірді қамтыды. Фольклорға, эпосқа түсті. Ғұн, Сақ, Үйсін заманынан бастап, Түрік дәуірін түгесті, Абайға келіп бір-ақ тоқтады. Кемі жарты сағат, әдеби-тарихи тұтас бір дәріс. Байыпты, дәлелді, талассыз ақиқат. Бәрін орнына қойғандай болды. Бұдан соң Бейсекең. Сөзге жоқ еді. Қысқа қайырып, екі-үш ауыз бірдеңе айтты. Ең мәндісі – Әлекеңнің айтқанының бәрі дұрыс, қосыламын болды. Қажекеңмен қырық жылдан бері айтысып келеді, бұл жолы беті қайтты

деп есептесе керек, қаржысқан жоқ, тиіскен жоқ. Содан соң Мырзатай мен Қабиболла, тағы біреулер бірер ауыз сөз айтты ғой деймін. Бәрі біткен сияқты, бәрі дұрыс сияқты. Кеңесіміз дөңгеленіп келе жатты. Кенет академик Қажым Жұмалиев қайтадан көтерілді. Сендер әдебиет тарихына қиянат жасамақсындар деді. Іске аспайды. Бос далбаса. Жарайды, арғы жақта бірдеңе бар, жазылғаны рас, сендерге болмаса, өзбекке, татарға тиесілі. Қосанжарласып көріңдер, мазақ болғаннан басқа нәтиже жоқ. Ал мына, жаңадан ұсынып отырған жырауларың мүлде қисынсыз. Сайда саны, құмда ізі жоқ. Шалкиіз дейді, Қазтуған, Доспамбет дейді, қайдан келді мұның бәрі, осы уақытқа дейін атын, аты тұрыпты, жаңғырығын естіген емеспіз. Бұлай, анда-мұнда шашыраған бірденелерді құрап-сұрап, ойдан ғылым жасауға болмайды. Анау, белгісіз заманда белгісіз біреулер тасқа шимайлап кеткен әлдекімдердің өмірбаяны, одан берідегі, халыққа жат, діни, исламшылдық сарындағы татарша өлеңдер жетіп жатыр сендерге, соған-ақ тоясындар, қарық боласындар, ал мына, “Жыраулар мұрасы” аталатын бөлімді тұтасымен, осы тұрған қалпында алып тастау керек! – деді. Ешқандай ғылыми, не басқадай негізі жоқ, кітапқа шығаруға болмайды. Басқасын өздерің біліңдер, ал мынаған мен қарсымын!– деді. Соңғы, түйінді сөз айтылды дегендей, алтын тісі ақсып, Бейсекеңе кекете, өктем қарап, қозғалақтап барып тағы отырды. Бақытжан екеуіміздің арамызда келісім бар. Бірақ ол – басқа жағдай. Енді үндемей қалуға болмайтын. Үндемесем, менің бөлімім кітаптан ұшып кеткелі тұр. Сөз сұрадым. “Қысқа”,– деді Бақытжан ескертіп. Менің дауласуға ниетім жоқ. Бейсекеңмен қырбай адам, енді менімен өштесіп кетуі мүмкін. Онсыз да ертең менің қорғауыма келеді деп күтіп отырмыз. Сол кезде жақсылап қарсы алуға дайынмын. Бұл арада бетімді ашпауға, тым тереңге кетпеуге тиіс едім. Баяу, бірақ нық бастап, бес-алты ауыз сөзбен түйдім. Оның мәнісі – бұл жыраулардың ешқайсысы ойдан шығарылған жоқ; тіпті, соңғы замандағы қолжазбалар мен көшірмелерді де іріктік; әуелгі басылым болған соң, кеңінен қамтымадық, бұл –таныстыру ғана; ал мына, Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған толғаулары түгелдей бұрынғы, баспа бетінен өткен кітаптардан алынды, дедім. Қандай кітаптар екенін айтпадым. Тартынғаннан емес, жасырғаннан. Біраз мақала жарияласам да, түпкі бұлақтарды атай бермеген едім. Толғаулардың төркіні күмәнсіз анық дедім. Талассыз ақиқат. Қажекең өршелене түрегелді. “Анау, Махамбеттің өлең жолдарын басқаға телігенің де талассыз ақиқат па? – деді. Дауысы қырылдай, жекіре, басына сөйлейді.– Ол өлеңдер 1925 жылы Ташкентте Махамбет атынан басылған! Білесің бе?” “Білемін, Қажеке,– дедім.– Ол өлеңдер содан елу жыл бұрын, 1875 жылы Орыс География қоғамының Жазбаларында Шалкиіз атымен басылған болатын”. Академик ағам жын ұрғандай құтырып, шыңылтыр айқайға басты: “Ол өлеңдерді одан елу жыл бұрын жұрт Махамбеттің өлеңі деп айтып жүрген!” Бала аспирантты тапап тастамақ. Ол кезде біздің кеуде академиктен жоғары. Біліміміз де соншама артық деп есептейміз. Жазу – боса-болмаса. Мына маған құдайдан беріде кім өктемдік жасай алады!

Мен де дауысымды ондадым. Әлбетте, айқайлағам жоқ. Бірақ шүйделі балтаның дүмімен ұрғандай, нықтап, бөліп-бөліп, қадап айттым. “Қажеке, Махамбет тумай тұрғанда, одан бес жүз жыл бұрын бүкіл алаш бұл өлеңді Шалкиіздікі деп айтып жүрген!” Бетіне жан келмеген, бір заманда Мұхтар Әуезовтың өзінің жағасынан алған академик ағам сылқ түсті. “А... а... онда мен мәселені басқаша қоям... басқаша қоям...” – деді қырылдап. Манағыдай жан-жағына қаранып еді, айбын да, ноқы да жоқ, мандайы қатпарланып, мойны босап кеткен екен. “Қойыңыз, – дедім. – Мен бұл арада кіші защита жасағым келмейді. Жақында осы тақырыпта диссертация қорғауға тиіспін, соған келіңіз”. Бітті. Бір сәт белгісіз тыныштық орнады. Бәлкім, біреу сүйсінді, біреу тіксінді. Ешкім ештеңе дей алмады. Бұл жиналған жұрттың ішіндегі жүйкесі берігі – редакция меңгерушісі, батыр тұлғалы Бақытжан екен. Аз-маз жымыып барып, кеңесті жалғастырды. “Бәрі жөн, – деді. – Талқы деген осындай болуы керек. Талассыз ақиқат жоқ. Әрине, кітапта бірлі-жарым кемшілік болуы мүмкін, кемшілік, әрине, болады, ол – заңды, алғаш рет шыққалы тұрған хрестоматия. Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл Хрестоматия министрлік бекіткен оқу программасына сәйкес жасалды. Көш жүре түзеледі. Келесі басылымдарда толықтырамыз, бұдан да жақсы етіп шығарамыз. Ал мына, “Ертедегі әдебиет нұсқалары” аталатын кітабымызды өндіріске тапсырайық. Редакцияның кеңейтілген мәжілісі осылай деп қаулы алсын”, – деді.

Бұл – менің Әлкей Марғұлан алдында алғаш рет бой көрсетуім екен. Ол кезде мүлде мән бергем жоқ, енді ойлап отырсам, жақсы әсерде қалған сияқты. Аңдап қараңыз: бір тарапта – ғылым докторы, профессор, атақты ғана емес, азулы академик; онымен сөз таластырған – жасы жиырманы жаңа орталаған талапкер аспирант. Риза болды, байыптап қана қойған жоқ, бағалады деп білем. “Ертедегі әдебиет нұсқаларының” қолжазбасы талқыланған тұста менің алдым тұман, рас, көз көрім жер ашылған, бірақ түпкі бағдар әлі де бұлтқа оранып тұрған. Сырттай қарағанда шүкір, тұрақты жұмысымыз бар, әдеби ортада ғалым, сыншы деп танылды, көне жыраулар мұрасына қатысты мақалаларымның өзінің саны он беске жетіпті, бірақ тиесілі еңбек қорғалмаса, әдебиет тарихының бұл дәуірі ресми түрде санатқа енбейтін еді. Қорғалса – мөр басылған сияқты, заңдасады, бұл тақырып зерттелген, мақұлданған, беті ашылған дейді. Яғни, іс мәнісі менің ғылыми атағым, жасаған еңбегімнің өнбегі ғана емес, әдебиет тарихының жабық жатқан тұтас бір дәуіріне жол ашу, оны айғақтау, бекіту, тек университет қана емес, барлық филологиялық жоғарғы, және жалпылама орта мектептердің оқу программасына енгізу, ғылыми айналысқа түсіру жолындағы күрес. Соның бәрін жинақтап келгенде, ұлттық сананы көтеріп, рухани мәдениет тарихын кеңейтуге тиіс, айрықша маңызды тетік.

Бұл екі ортада, біздің кафедрадағы, мен біткен кезде жаңа бастаған бір жігіт, менен бұрын оқыған, бірақ жұмысын енді ғана тәмәмдаған тағы бір жігіт қорғауға кетті, Академиядағы, ҚазПИ-дегі, қатарласты қойғанда, кейінгі аспиранттардың бірнешеуі өтті. Тіреліп тұрған мен ғана. Ғылыми

кеңес даудан қорқады, Қажекеңнен қорқады, мен өзім де тым жанықпай, төңірегімді тиянақтап барып, қапысыз соғу жағындамын, әйтеуір уақыт ұзара берді. Бірақ қайткенде де, 66-жылдың күзінде өтуге тиіс едім, тағы бір күтпеген бөгесін шықты – Әлкей ағам, Марғұлан. Әуелде бұл кісіні Бейсекең екеуіміз өзіміз таңдағанбыз. Басқа біреу оппонент болса, дамай көбейеді, атағы, абыройы зор, білігі күмәнсіз, Әлекеңді алға салсаң, қорғау кезіндегі ғана емес, одан соңғы да қауіп-қатердің біразы кері серпілмек. Екінші ресми оппонент – Рахманқұл Бердібаев, сол замандағы санаулы ұлтшылдың бірі, танымал, дәйекті әдебиетші, жан-тәнімен қолдап, дайын отыр. Алайда, Әлекең ауыр қозғалды. Ашық сөйлесуге Бейсекеңнің өзі батпайды екен. Ашуландырып алам ба, оппонент болмаймын деп қайтара сала ма деп, мен де тартынамын. Оның үстіне, мана айтқанымдай, төңірегің түгелденіп болмаған сияқты. Осы әрі-сәрі, күпті көңілмен желтоқсанға жеттік. Мен жұмысымды тәмамдағалы қаншама заман. Теке-тірес екінші жылға ауып барады. Қайткенде де осы, 1966 жылы, қорғап үлгермесем де, авторефератымды шығаруға бекіндім. Анадағы, “Мектеп” баспасындағы редакциялық кеңестегі даудан соң мені ұмытпауға тиіс, Марғұлан ақсақалға телефон шалдым, “hi-hi...” деп, мекіреніп тыңдады, “hi... жұмысыңды қарай бастадым, беталысы жаман емес...”– деді. – Арабшаны қайдан үйрендің,– деді. – “Шаджарат-әл-атрактағы” түпнұсқа текстің үзігін арабша берген екенсің, жазуың бастықпапты,– деді. – Әптиекке жаңа түскен шәкірттің қолы сияқты”. “Қате жоқ па екен?”– деп сұрадым батылданып. “Қате жібермепсің, мұқият көшіргенсің, бірақ арабша оқу – мәселенің бір ғана жағы... hi... hi... өзің де көп жазуың керек, сонда, hi... ескі қолжазбаларды қапысыз танитын боласың, hi...”– деді, мен онсыз да қапысыз таныдым деп айта жаздап бөгелдім... Ары қарай саудаласудың сәті тағы түспеді, Әлекең “hi... жарайды”– деді де, трубканы қоя салды. Бірақ бұл да жақсы еді. Ертеңіне Бейсекеңе бардым. Солай да солай, райы тәуір, бірақ ол кісі оқып біткенше тағы алты ай өтеді, одан ары кетуі де мүмкін, өзіңіз айтып көріңіз дедім. “Онда,– деді Бейсекең,– өзің бастап сөйлескенің жақсы болды. Жетекшісін жұмсап, жатып алды дейді ғой. Енді ары қарай көрейік. Кешке серуенге шығады. Сонда ұстайық”. Бейсекең мен Әлекең бір аулада тұрады екен, Төлебаев–Калинин–Карл Маркс көшелерінің аралық тоғысындағы ғалымдар үйінде. Бейсекеңнің үйі бұрынғы Абай, қазіргі Төлебаев көшесіне көлденең, Әлекеңнің үйі Карл Маркске қарата, бірақ аулалары ортақ. Айтқанындай, кешке қарай кездестік. Атан түйедей Әлекең маған оқшырая қарады да қойды. Бейсекең қатарласты. Аз-маз анау-мынау сөзден соң, мынау бала – энеукүнгі өзіңіздің шәкіртіңіз деді. Әлекең маған тағы да сынай, зерттей қарап, бөгеліп қалды. Енді қарсы тұрдық. Жұмысы біткелі екі жыл болды, өзіңіз көріп жүрсіз ғой, ежелгі әдебиет, даулы тақырып, созылып барады, ендігі қорғауы өзіңізге байланысты деді. “Қорғайды,– деді Әлекең,– hi... беталысы жақсы, кеше өзіне айтқам”. “Енді авторефератын шығара берсе теріс болмас еді, асықпай оқып, пікіріңізді артынан бересіз ғой”,– деді Бейсекең. “Авторефератын қашан жазады?”– деді Әлекең маған емес, Бейсекең

карап. “Дайын,— дедім мен. Портфелімнен авторефератты суырдым.— Екінші оппонент – Бердібаев, қол қойған”. “Екінші оппонент – екінші болып қол қоюы керек,— деді Марғұлан қабағы түксиіп.— Әкел”,— деді содан соң. Менде қаламға дейін дайын, портфелімді тиянақ етіп ұстап, үстіне авторефератты қойып, Әлекеңнің алдына тостым. Әлекең қаламды алып, еңкейе берді де: “Астына қояйын ба, үстіне қояйын ба?”— деп сұрады. Ортада “Разрешаю”— рұқсат деген сөз бен Бердібаевтың қолы тұр. “Ең үстіне, жоғарғы шекесіне...”— деді Бейсекең жеделдете сөйлеп. Әлекең үлкен денесіне үйлеспейтін нәзік қолдарымен “Разр...” деп иректете тартып. “А.Х.Марғұлан” деп, анықтап, іждағатпен қол қойды. Мен рақмет, алғысымды айтып, екі шалды сол арада қалдырып, бетіме кетіп отырдым. Бұл – 16 желтоқсан, қазіргі тәуелсіздік күні екен. Айттым, 1966 жыл. Авторефератты өзіме етене Газет-журнал баспасынан жедел тергізіп, цензурадан өткізіп, үш-ақ күнде бастырып шығардым. Ресми қорғау – алдағы 1967, наурыз айына белгіленген.

Ежелгі жырауларға ресми түрде жол ашылған, олардың шалғайына оратылған мен үшін де Тәңірінің күні жарқырап шыққан сын сағатта көлденең қатер болған жоқ. Бәрі де алдын ала қарастырылған еді. Қамқор ағам, «Қазақ әдебиеті» газетінің беделі зор бас редакторы Нығмет Ғабдуллин, Ғылыми кеңестің жиырма сегіз мүшесінің анық жиырма бесімен әрқилы қалыпта жеке сөйлескен, арнайы кісі салған, екі күн қалғанда жинақтап, тағы да жағалай телефон шалды. Өзім қазақтың атақты жазушысы, Мұхтар Әуезов кеткеннен беріде қазақ әдебиетіндегі ең абыройлы ақсақал, менің баспасөз бетіндегі кейбір мақалаларым көзіне түсіп, пейіл, ықылас білдірген Сәбит Мұқановқа өтініш жасаған едім. Үлкен басын кішірейтіп, уақыт тауып, мәжіліске арнайы келіп отырды; қар кетіп, күн ерте ысыған, қапырық, оның үстіне менен бұрын тағы бір аспирант қорғамақ, ақырына дейін отыра алмады, бір жапырақ қағазға, қажетті орыс тілінде алқау пікірін жазып кетті, оны кеңес барысында Ғылыми хатшы Шварцман келістіріп оқып берді; қырғыздан, өзбек пен қарақалпақ, башқұрттан, тағы қаншама жерден, аузы дуалы ғалымдардан ұнамды пікірлер түскен, ол да үлкен сүйеніш, тегіс айтылды, түйінді тұстарынан айғакты үзінділер келтірілді. Дау-жанжалдың алдын алу, қажет болса, қарсы көтерілу үшін, мен туралы, менің жарияға шыққан мақалаларым мен бітіп тұрған еңбегім жөнінде баспасөзде арғы, 1965 жылы тұңғыш рет пікір айтқан арынды ақын, білгір әдебиетші Қалижан аға Бекхожин, мұрты жыбырлап, жан-жағына айбына қарап ол отырды, ежелгі жыраулар мен ұлттық ұран көтерген Мәлік Ғабдуллин, Ғабдол Сланов, Ғайнетдин Мұсабаев және тағы қаншама ағалар жетті. Жұрт сыймай кетті. Мен ықшам, сергек сөйледім. Ресми оппоненттер – Әлкей аға Марғұлан және Рахманқұл аға Бердібаев жоғары бағалап жатыр, ресми емес сарапшылар тағы мадақтап жатыр. Бәрі жақсы болды. Көлденең кеселсіз. Көтеріңкі, салмақты, бірақ қатаң. Алдыңғы ағаларымның батасы болатын. Бәрі де жүрек толқытарлықтай. Бірақ мен өте сақ, жіті отырдым. Соның әсері ме, бір, кішкентай кілттипан болды. Әлекең мені мадақтай келе, рәсім бойынша, бірнеше ескертпе жасаған.

Ешқайсысын қабыл көрмедім, бірақ бас-басына емес, бір-екеуіне ғана жауап қайырсам керек. Өйтпесе болмайды. Тәртіп бойынша, тым жығылып кетпеу керек. Сол тәртіп бойынша, тым қарсы да болмау керек. Мен артықтау кетіппін. Оның ішінде, Әлекең: “Жыраудың аты Шалкиіз емес, қазақта ондай есім жоқ, кейбіреулер айтып жүргендей, Шалгез, тіпті, Шалгөз болуы да мүмкін”, – деді. Ағамыз жыраудың түпнұсқа басылымдарын оқымаған, сондықтан жаңылып тұр, бізден бұрын Мұрат ақын, немесе Мұратты жаңсақ көшірушілер “Шәлгез” деген (бізден кейін де “Шәлгезге” жабысып, қоймай келеді), мен бұл мәселені дәл осы арада дәйектей кетпек болдым; жыраудың өзі туралы айтқан: “Тіленші ұғлы Шалкиіз, – Иесі Би Темірдің тұсында, – Бұлтқа жете жаздады бұл мүйіз”, – деген өлең жолдарын келтірдім де, жаңа, жауап сөз күтіп отырғанда екі бет ақ қағазға қара пастамен арабша ірі етіп, жуандатып, бояулап түсірген “Шалкиіз” есімінің екі түрлі жазылымын көрсеттім, түпнұсқаларда арабша таңбалануы осылай дедім, әрине, отырған жұртқа әсер етті, ал Әлекең ұнатпай қалды: “Онда “Шалкүйез” деп оқу керек”, – деді қырсығып, мұнысы да дұрыс емес, сөзден жығылмау үшін айтқаны, менікі де дұрыс емес, жазып көрсетпей, ауызша айтумен шектелу керек еді, ғұмыр бойы архив шаңына бөгіп келе жатқан ақсақалға әліппе үйреткендей болдым, мұндай алмағайып жағдайда, оң отырған кісінің өзі теріс аунап түсетіні болады, әрине, Әлкей ағам айнымайды, менікі – әлде аңғалдық, әлде еркіндік, қыл үстінде тұрғанда эксперимент жасауым орынсыз еді.

Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның алқауы, даңқты жазушы Сәбит Мұқановтың шарапаты, алаш зиялыларының ақ-адал тілеуі – Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет ресми тарихқа қайрылмас жол ашты, ал біздің диссертациямыз, бұрнада көпшілік жұрт кемі жарым жыл, бір жыл, одан да көп тосатын бекім – Москвадағы ВАК – Жоғарғы аттестациялық комиссиядан небәрі қырық күн ішінде өткен екен. Әлбетте, Бейсекемнен соң Әлекеме барып айттым. Бейсекем қуанғанынан орнында отыра алмай, атып тұрып құшақтап еді, Әлекем қабағының астынан қарап жымиды да қойды: «Енді ғылыммен шындап айналысу керек, – деген. – Бұл деген... hi... hi... адамның бүткіл өміріне созылатын, сол ұзақ өмірдің өзі жетпей қалатын... hi... нағыз игілік...» Сол күні ме, кейінірек пе, оппонент кезінде қолында болған, қалың, төрт жүз бетке тақау, түптелген, бір томдық кейіпті диссертация кітабын ұлы ұстазыма жазып бердім. Ұзынкұлақтан естуімше, күні бүгінде академик Марғұланның архив қорында сақталып тұрса керек.

Міне, сол күннен бастап, Әлекемнің үйіне апта аралатып, қайткенде ай өткізбей, жиі қатынап тұрдым. Әдетте, ғалымның, жазушының түске дейінгі уақыты – тұтасымен өз үлесінде, көлденеңнен келуге, бөгет жасауға болмайды. Мен көбіне түске таман, және түстен кейін барар едім. Бұл кезде Әлекең, тәрізі, кезекті жұмысын тәмамдап, асын ішіп болған, немесе кешеуілдеп, енді ғана дастарқанға отырған. Кейде мен бөгеліңкіреп қалғанда кешкі мәзір тартылады. Әлекемнің әдеті, ас алдында міндетті түрде әдемі хрусталь рюмкамен, шамасы елу грамм

коньяк ішеді. Әуелде маған да ұсынатын еді. Өте пайдалы, қан айналымын жақсартады, дейтін. Алайда бұл кезде мен ішімдік атаулыны татып алмаймын. (Әлдебір ретте себебін жазғам, баспада автор атаулының жаңа кітабын жуатын дәстүр бар, бұған қоса, жас кезіміз, өзара қонақ та көп, әрқилы той-томалақ және өтіп жатады, шақтап ішсең де апта бойы ауыз құрғамас еді, сондықтан мүлде тыйылғам, ақыры, арада тура он бес жыл өткенде қайтадан ептеп қана дәмін тататын болдым, өйткені мүлде ішпесең, көлденең жұрт әлде денсаулығы көтермейді, әлде емдеп жазылған алқаш деп ойлайды екен.) Әлекемнің тұрақты нормасы осы бір, әлде екі реткі ауыз шаюмен шектелсе керек. Оның есесіне тәбеті жақсы еді. Дастарқанда үнемі жапырақтап туралған жылқы еті және сары-ала қазы тұрады. Оның үстіне, мен көрген әрбір жолы үлкен кесе ақ ірімшік жейтін. Содан соң қаймақ қатқан қоңыр-күрең шай, шамасы екі-үш шыныдан аспайды. Тұтастай алғанда, денсаулығы өте мықты болатын. Бұл кезде алпыстың жуан ортасында. Жас кездегі ұғымымыз бойынша – ұлғайған, қартаң кісі. Соның өзінде ақсақал кемі тоқсаннан асар, жүзге жетер деп шамалаушы едім. Мен барған кездерде көбіне, үнемі дерлік Раушан шешеміз үйде болмайтын. Қызметте. Білемін, бұл кісі де ғылым докторы, медик, баяғы бір заманда бала Қаныш – Сәтбаевты түзу жолға бағыттаған және ұстаздық қызметімен тағы қаншама жасқа үлгі шашқан немере аға Әбікейдің қызы, Сәтбаева. Дастарқан үстінде һәм басқа да реттерде үнемі қызмет жасайтын – бойы ортадан төмен, қараторы, әрі аса сүйкімді әйел бала. Аты Дәнел екен. Мен әуелде бұл Дәнелдің нақты кім екенін ажырата алмай жүрдім. Қызы дейін десем, одан туған, шамасы жеті-сегіз жасар Дәмеш деген немеренің сойы – Марғұлан екен, бірде атасына сабағын көрсеткен оқушы дәптерінен аңдағам. Келіні дейін десем, бұл Дәнел Әлекеммен тым еркін сөйлеседі. Ақыры, біршама уақыттан кейін сөз ыңғайында, анығын білгем. Кейінде Әлкей Марғұланның барлық мұрасына ие болып қалған, күні бүгінге бұл салада үлкен еңбек етіп отырған қызы, туған жалғыз қызы екен. Ал бұл қыздың жалғыз баласы – атасының сойын алған. Әлекем Дәмеш немересін көтере мадақтап отырар еді. Мына біздің Дәмештер, осы Дәмеш қатарлы балалар өсіп-жеткенде дүние басқаша болады, деген тұрғыда.

Дастарқан басында алдыңғы әңгіме жалғасады, немесе, кейінгі әңгімеге жол ашылады. Әлбетте, көбіне-көп қазақ тарихы, қазақ руханияты төңірегінде. «Қазақ-танудың бастауында ғана тұрмыз, – дер еді. – Барлық салада...» «Қазыдан ал, – дейді маған. – Әйтпесе, Дәнел ақ ірімшік жасап берсін бе?..» Мен рақмет айтам. «Осы жетеді», – деймін. Тартынғаным емес. Биік дөңгелек столға жайылған кең дастарқан тұнып тұр. Бауырсақ, тоқаш. Өрік, мейіз. Әрқилы жемістер. Ең бастысы – мольнан туралған қазы мен жая. Мен ол кезде бала күндегі әдетімше, еттен басқа тағамға онша зауықты емес едім. Енді, төрт маусым бойғы жылқы етіне шүйлігем. Сыпайылық сақтағанмен, онша іркілмесем керек. Астан соң көл-көсір, ұзақ, әрі қызғылықты әңгіме.

Бір тармақ кеңес – қазақ эпосы туралы. Біз әлі танып, білмей жатырмыз, дейді. Қазақ эпостарының академиялық, сыни мәтіндері жасалған жоқ. Танымалының өзі. Қаншама асыл жырлар әлі күнге жабық жатыр. Бары туралы зерттеулер түгелдей дерлік жұпыны, тереңге бойламай, бетінен ғана қалқыған. Өзімізбен өзіміз. Ізденіс жоққа жақын. Бұл тарапта Батыс фольклористикасы қаншама алға кеткен. Мәселен, Чэдвиктер. Ағылшын оқымыстылары. Сонау отызыншы жылдары «Әдебиеттің дамуы» атты үш томдық еңбек жазған. Қайыра басылып жатыр деп естідім, әзір қолыма түскен жоқ. Немесе, Оксфорд университетінің профессоры Хатто. Қырғыздың «Манасын» зерттеген. Жазу столының үстінде жатқан журнал, әлдебір кітаптарды алып келеді. К.М.Чэдвик, М.К.Чэдвик; А.Т.Хатто. Бәрі де ағылшын тілінде. Содан соң Ата-Қазақ мұрасы туралы толғанып кетеді. Өзі айтумен шектелмей, мені сөзге тартып отыратыны бар. Бұл кезде мен де тым көп білем. Бар лепесін мақұлдаймын, ара-тұра дауласпасам да, қарсы емес, көлденең уәж айтар едім. Жоқ, жоқ, дейді Әлекем. Сен кейбір нұсқаларды білмей отырсың. Жалғыз сен емес, басқа да жұрт хабарсыз. Қазір көрсетейін саған. Орнынан тұрып, қонақжайдың сол жақ түкпіріндегі құпия қоймасына қарай беттейді. Мен соңынан ерем. Төрткіл, он үш-он бес шаршы метрдей, тәрізі, терезесі жоқ, немесе жабылған тұйық бөлменің есігін ашады. Үш жарым қабырға қатарынан қаланған сөрелер: сығылыса тіркескен кітап, сықай орналасқан сансыз папка. Аладдиннің сырлы қоймасы сияқты, алтын-күміс есебіндегі қандай да қазынадан қымбат ескілікті әдебиет пен қадыми қолжазбалар. Әлекем ішке аттай бере, артына қарайды. «Сен осы арада тұр», – дейді. Мен босағада іркіліп қалам. Әлекем әлдебір сөреге барып, көп қаттаудың арасынан құпия бумалардың бірін суырады. Саралап қарар алдында кері бұрылып, мені тағы да тексерер еді. Және соншама жерден әлденені аңдап қалмасын дегендей, үлкен денесімен тұтас бір шкафты жауып тұр. Міне, сол арада жаңағы папкасын ашып, соның ішіндегі, ғылымға беймәлім, әлдебір көне мәтінді оқып береді. Әлденеше қайталанған жағдай.

Қазақ тарихы туралы әңгіме де осы тұрғыда. Әлі тым беріде жүрміз. Анау, қиыр шеттегі жапондардың өзі біздің тарихымызға зор ынта білдіріп жатыр. Міне... Әлдебір жапон ғалымының жұқалтаң ақ тысты, бармақ елі кітабын көрсетеді. «Қазақтың Ұлы жүзінің рулары» деп аталады екен. Қытай деректері бойынша. Жапон тілінде, жапон иероглифтерімен жазылған. Алайда, еңбектің соңында ағылшын тілді үлкен резюме бар. Одан бұрын – жапон иероглифті, латын транскрипциялы атаулар көрсеткіші. Міне – дулу, яғни дулат. Су-ван, яғни суан. Албан, жаныс... бәрі бар. Түбегейлі зерттеу екені бірден байқалған. Ескілікті қытай шежірелері негізінде ежелгі Қазақ тарихының үлкен бір тармағы таратылып, айқындалғаны көрініп тұр. Жапонияда өткерілген әлдебір Халықаралық симпозиумда кітап авторы өз қолымен сыйлаған екен.

Қазақ эпосы, қазақ тарихына жалғас, көрнекі бір әңгіме – біздің ата-бабаларымыздың заттық мәдени мұрасы төңірегінде. Мен Алтайдағы

атақты Пазырақ, Баш-Адар қорымдары туралы әдебиетпен жақсы таныс едім. Бұдан екі мың жыл бұрынғы, көшпенділер дәуіріне тиесілі қаншама қазына шыққан. Негізгі және жүйелі қазба жұмыстарын жүргізген орыс ғалымы Сергей Иванович Руденконың арнайы ғылыми еңбектері әлемге мағлұм. Бірнеше кітап және атаулы басылымдарда жарияланған үлкенді, кішілі мақалалар. Қаншама иллюстрациясы бар. (Мұндағы жекелеген нұсқалар Қазақстанға, Орталық Азияға қатысты кейінгі зерттеулер мен альбомдарда қайыра жарияланды.) Әлекем осы мол қазынаның жапондар бастырып шығарған үлкен альбомын көрсеткен. Руденко зерттеулеріндегі көпшілік мұралар ақ-қара суреттермен берілген еді. Әр тұста, шашыраңқы, және барлық дүние қамтылмаған. Жапон альбомы – бастан-аяқ түрлі-түсті әрі біршама толық екен. Кейін, «Поэты Казахстана» аталатын алты ғасырлық антологияның әуресімен Ленинградқа қатынап жүргенде, оның ішінде 1977 жылы күзде, ескілікті, әсем шаһар түбіндегі Комарово шығармашылық жайында орныққан, айдан астам ұзақ уақыт бойында күн сайын дерлік Эрмитажға барып, астыңғы қабат, жеті зал – тұтас бір қапталды алып жатқан, баға жетпес қазынамызды қаншама мәрте тамашалаған едім. Түпнұсқа ескерткіштердің нақты өзі. Әрқилы металдан құйылған, сапалы ағаштан ойылған, теріден, киізден жасалған, шағын кесімді жан-жануар мүсіндері, оның ішінде тотемдік бұғы мен аққу да бар, жібектен құралған, киізден қиылған, әсем өрнекті тұрмыстық бұйымдар, оның ішінде сырлы ою, ғажайып суретті қалы кілем мен өзгеше көрініс, рәсімдері көз тартар аса аумақты тұскиіз, және екі-үшеуі басынан төрт аяғына дейін сол қалпында сақталған, қалған бір-екеуі бас, мойын, кеудесімен ғана, жарым-жартылай, бірақ бұлар да көрнекі – қан жирен түсті бес тұлпардың мумиясы, ақыр аяғында, осы сак патшалығының көсемдері, бірі – он екі мүшесімен, екіншісінің басы ғана қойылған, менен аумайтын, батыр, әлде патшаның ысталып, сол қалпында дерлік екі жарым мың жылдан өткен, толық түр-тұлғасы – жүрек толқытар қаншама ата мұраң. Алайда, осының өзі түгел емес, баяғы Әлекем көрсеткен жапон альбомынан әлдеқайда кемшін екен. Бұл альбомда ғажайып сырмақ, текемет, киіз кілемдер бар еді, ғажайыбы – бүгінгі қазақ үлгісінде. Тек қазаққа ғана тән, қалса, қырғызда бар қошқар мүйіз, бұғы мүйіз оюлар салынған. Қазіргі кез келген үйде тұратын сырмақ сияқты, бүгінде осы үлгімен моңғолия қазақтары кескіндеп жүрген түкті кілемдер сияқты. Бірге-бір, нақпа-нақ. Тек бар айырма – кілем, сырмақтардың ортаңғы бөлігінде көбіне-көп тарбақ мүйізді бұғының суреті кескінделген. Түсінікті жағдай, кейінгі қазақ мұсылман дініне иліккеннен соң, «шайтани» суреттерді аластаған, енді кілем, сырмақтардың орталық бөлігі де сәйкес оюлармен толтырылады. Бұдан ештеңе өзгермесе керек. Сақ қорымдарынан табылған, осыдан екі жарым мың жыл бұрын белгісіз шеберлер өрнектеп, қалыптаған кілемдер мен сырмақтардың бүгінгі қазаққа тән екені айтпай-ақ түсінікті болуға тиіс. Көпе-көрнеу, талассыз ақиқат. Сондықтан да Ленинград Эрмитажы ғана емес, атақты Пазырақ, Баш-Адар қазыналарына арналған зерттеулер мен арнайы альбомдарға жібермей қалған. Ал жапондар сол қалпында

әйгілепті. Және Әлекем айтып еді, жапондар бұл ғажайып ескерткіштердің бүгінгі нақты мұрагері – қазақ халқы екенін атап көрсеткен, деп. Яғни, ғылымда Пазырақ мәдениеті аталатын әлемдік ескерткіштерді жасаған сақ-прототүрік жұрты да ең алдымен бүгінгі қазақтың тікелей, арғы аталары болып шықпақ. Қазіргі мемлекеттік бөлініс жөнімен алғанда, Пазырақ алабы – Қазақстан шегінен небәрі 170 шақырымдай ғана межеде. Ал осы ежелгі мәдениеттің тағы бір ошағы болып табылатын Берел – бас-аяғымен біздің Шығыс обылысымыз, Қатонқарағай ауданында жатыр. (Соңғы жылдары осы Берел қорымдарында профессор Зейнолла Самашев сәтті, әрі нәтижелі қазба жұмыстарын жүргізді және атаулы кітабын шығарды. Зекең негізгі мақсат – ежелгі Пазырақ мұрасы мен кейінгі қазақ мәдениетінің сабақтас жалғастығын айқындау деп айтқан көрінеді.)

Әлкей Марғұланның танымы және өзіміздің де бұрынғы-соңғы байыбымыз бойынша, Пазырақ, Баш-Адар мұраларын біздің арғы бабаларымыз прототүрік – сақ-ғұн жұртына тиесілі деп отырмыз. Сақ – сол заманда гректер скиф атаған, бүткіл Еуразияны алып жатқан көшпенді тайпалардың шығыс тармағы. Ал ғұн – түрік текті жұрт екені бүгінгі ғылымда дәлелденген ақиқат. Ғұндар Қытай тарихында миләдиге дейінгі үшінші ғасырда айрықша мәшһүр. Ал мынау ескерткіштер одан жүз, екі жүз жыл бұрынға белгіленген. Кез келген тайпа, халық бір күнде, аяқ астынан пайда болмайды, яғни Ежелгі Қытай патшасы Ши-хуандидің қарсаңында кенеусіз қуатқа жеткен Ғұн жұрты да дәп осы сәтте ғайыптан шыға қалған жоқ. Осы қытай шежірелері бойынша миләдиге дейінгі он үшінші ғасырдан мәлім. Бұл – ғұндардың Гобиден өтіп, түстіктен терістікке қоныс аудара бастаған кезі. Ақыры, кең сақараны толтырып, батысқа, оның ішінде әуелі Алтайға канат жайған. Миләдиге дейінгі V–III ғасырлар шегінде жасаған Пазырақ жұрты осы ғұнның бір тармағы болмаған күнде, онымен тамырлас, туыстас жұрт екені күмәнсіз. Пазырақ мәдениетін түбегейлі зерттеген, атақты қорымдарда 1947–1954 жылдарда дәйекті қазба жұмыстарын жүргізіп, қаншама құнды ескерткіштер тауып, бірнеше ғылыми кітап жазған Сергей Руденко осы Пазырақтан шыққан бес мумияның толығырақ сақталған екеуіне сыпаттама жасайды. Екінші қорымға тиесілі (кейінде біз Эрмитаждан әлденеше рет көрген) әуелгі мумияны «айқын моңғолоид» деп жазған, бұл байламды антрополог Г.Дебец негіздей түсіпті; ал Бесінші қорымнан табылған келесі мумия туралы С.И.Руденко: «Такой тип в настоящее время часто встречается среди казахов и киргизов» – мұндай түр-тұлға қазірде қазақ пен қырғыз арасында жиі кездеседі, дейді. Алайда, дәп осы Руденко өзінің ең соңғы кітабында әуелгі сөздерін ұмытып, екі мумия да европеоид деп жазыпты. Үлкен ғалым, көз-көрім жағдаятты көпе-көрнеу бұрмалап отырса, жоғарыдан осындай нұсқау берілді деген сөз, әйтпесе, автордың еркінен тыс түзету жасалған. С.Руденко әуелден-ақ Пазырақ мәдениеті – скиф-сақ тайпаларына тиесілі мұра деп айғақтаған. Алайда, тек Руденко ғана емес, бүткіл совет ғылымы, тіпті, еуропалық оқымыстылар да сақ жұртын иран текті нәсілге жатқызады. Ол заманда Иран тайпалары Орталық және

Батыс Еуразия ғана емес, шығыстағы Алтайдың өзінің арғы-бергі бетін түгел толтырып отыр екен. Ал дәп осы ретте брахокефал – жалпақ бет, домалақ бас моңғолоид кісі қалайша ирандық болып шықпақ. Міне, әлемдік тарих ғылымында осындай шатысқан, көбіне-көп қасақана бұрмаланған түйіндер көптеп ұшырасады. Қай тарапта болса да, ең жоғарғы мәдениет үлгілерін еуропеоид қауым жасаған болуы шарт... Осы орайда айта кететін бір жағдаят – мен Әлкей Марғұланның қолынан көрген Жапон альбомындағы қазақ оюлы текемет, кілемдердің ешқайсы Эрмитажға қойылмаған. Ең ғажабы – осы тарапта Руденко және басқа ғалымдар еңбектерінен де атаулы дерек, тіпті, ишара ұшыраспайды. Бұл да жоғарыдан түскен идеялық тазарту жарлығының нәтижесі деп білем. Алайда, сол Пазырақтан табылған, мен көргенде тұтас бір қабырғаны алып тұрған, алты жарым да төрт жарым метрлік, аумағы отыз шаршы метр, жұқалтаң ақ киізден басылып, түрлі түс, суретті жапсырмалар салынған әйдік кілемнің сыртқы жиегінде қазақтың қошқармүйіз, төртқұлақ оюы тұр. Тек осы киіз кілем ғана емес, ат әбзелдері – ертоқым жабулары мен көпшілігінде және ұшырасып жатыр. Әзіргі жариясы. Уақыт оза келе қалғаны да – таза қазақы кілемдер мен сырмактар суреті де жарыққа шығуы анық. Сол үлкен ғалым, алайда уақыт оза келе ресми саясат жетегімен қайшылыққа ұрынған С.Руденконың «Пазырақ қорымдарының қазыналары» («Сокровища Пазырыкских курганов», М., 1951) атты дәйекті еңбегінде нақтылап айтқаны бар: «Несравненно ярче наследие древней скифской культуры прослеживается среди казахов и киргизов» («Ежелгі сақ мәдениетінің мұрасы қазақ пен қырғыз арасында теңдессіз айқын көрініс тапқан») – деп. Әлкей Марғұланның бұл тарапта жазған, жазбағанын білмеймін, алайда мен көрген ғажайып альбом бүгінде өз ошағында сақталып тұрса керек. Міне, осы және тағы қаншама, әр тарап, әрқилы мазмұнды әңгімелер болатын еді. Менің әдетімде күнделік жүргізу жоқ және Әлекеммен әрбір кездескен сайынғы кеңес, әрқилы әдеби нұсқалар, тарих төңірегіндегі ақпар мен хикаяларды қысқаша болса да таңбаға түсірмеппін, енді, арада елу жыл өткенде толығымен, егжей-тегжейлі қалыптай алмаймын. Тек ең үлкен жұбаныш – осы әңгімелер түгел болмаса да, біразы Әлекемнің өз қолымен жазылып қалуы да мүмкін деген долбар.

Бұл кезде Әлкей Марғұлан Ілияс Есенберлин меңгеріп отырған «Жазушы» баспасына қатарынан екі кітап дайындап берген. Мұның біріншісі – «Шоқан және «Манас» аталатын, қырғыздың атақты «Манас» жырының бағзыда Шоқан жазып алған үлкен, үзік нұсқасы туралы монография. Екіншісі – осы Шоқан нұсқасының толық мәтіні, «Көкетай ханның ертегісі» намында. Монография бірінші кезекте кетуге тиіс еді. 1971 жылдың басында, ешқандай шырғалаңсыз өндіріске тапсырылды және шамасы ноябрь айында, әдеби сын, зерттеу кітаптарына берілетін ең үлкен таралым – 10 мың данамен басылып шықты. Бұл кітаптың өзіндік бір ерекшелігі бар еді. Авторлық, негізгі мәтіннен соң «Манастың» Шоқан нұсқасының фотокошірмелері дес тұтасымен таңбалануға тиіс-ті. Есенберлин Марғұланның төтенше өтінішін жерге тастамаған. Ақыры,

сол қалпында жүзеге асты. Совет шегіндегі негізгі архивтерді түгескен, қазаққа, оның ішінде ұлы Шоқанға қатысты, мүмкін болған барлық деректі түгел жинақтаған Марғұлан «Манастың» Шоқан жүзеге асырған, ғылымға белгісіз, ешбір зерттеуші елесін де шалмаған өзгеше нұсқасын қай архивтен және қалай, қашан тапқанын ешқайда жария, немесе ауызша түрде айтқан емес. Тәрізі, нақты шифры құпия қағаздар арасында, немесе өзінің басында ғана тұруы. Ол заманда советте ксерокс жоқ, «Көкетайдың ертегісі» бастан-аяқ фотоқағазға таңбаланған екен. Сол беті типографияға тапсырылды. Және мен баспаның өндіріс бөлімінің бастығы Вальчук деген кісімізге міндет артып едім. Баспаханада қорғасынға түсірілген соң мына барлық фото-көшірмелерді маған қайтарып бересің, деп. Өткен соғысқа қатысқан, тұтқында болған, жығылып жатпаса да, әжептәуір ұрттап қоятыны бар, әйткенмен, шаруасына тиянақты кісі еді. Ақыры, мен тықақтап, жиі қадағалап отырмадым ба, әлде Вальчуктің өзі салақсыды ма, кезекті бір сұранымда алдыма кешірім өтініп келіп еді – баспаханада қорғасынға құйылғаннан соң, түпнұсқа фотографияларды лақтырып тастапты. Вальчук қып-қызыл болып, әлде менен именгені, әлде бұл жолы да аз-маз ұрттап алған, пұшайман күйде, салбырап тұр. Осыдан екі-үш күн бұрын ғана, дейді. Өткен аптада сұрағанда әлі дайын емес деген. Осылай болып қалды. Енді қайтесің. Түпнұсқа есепті фото-таңбалардан өстіп айрылды. Мен әуелде қандай мақсатпен айтқаным есімде жоқ, әлде өзімде қалсын дедім бе, әлде Әлекеме қайыра тапсырмақ болдым ба. Тәрізі, алғашқысы, автор атап сұрамаған. Ол кезде ойламаппын, бұл фото-көшірмелер жалғыз дана болды ма, әлде қашанда ғылымда тиянақты кісі, екінші данасы сақталды ма – бүгінде тап басып айта алмаймын. Сақталмаған күннің өзінде кітаптағы таңбалар біршама айқын, рас, көлеңке түскен тұстары да бар, алайда, сауатты кісінің ажыратуы қиын емес. Тіпті құрығанда, «Көкетайдың» кейінгі қазақша нұсқасы арқылы қайыра нақтылауға мүмкіндік бар.

Менің кейісім осы фото-нұсқалармен ғана шектелмепті. Монография мәтінін қолжазбада мұқият оқып шыққам. Әлекемнің өзімен кеңестен соң бірді-екілі деректік нақтылау болды ғой деймін. Және түбегейлі демесек те, жеңіл редакция. Ұстаздың өзінің рұқсат, келісімі бойынша. Сөйтсек, біз орта жолдан тоқтаппыз. Әуелгі терімде, тым құрса екінші корректурада қайыра қадағаламаған екем. Және Әлекемнің өзіне оқытып алу да ойға келмепті. Әдетте, авторлық корректура шарт емес. Редактор бар, корректор бар. Және Әлекемнің өзі атап ескертпеген. Бәрібір сөз салу қажет еді, оқыса – оқыды, оқымаса – уақасы жоқ. Алайда, осы бір кілтипаннан сүріндім. Мендегі кітапқа қарағанда, «Шоқан мен «Манастың» екінші терімі, яғни басып шығаруға 9 сентябрь күні қол қойылыпты. Орта көлемді, 164 беттік кітап. Бұдан соң тым көп ұзамай, қарашаға таман жарыққа жетуге тиіс. Өзіме тиесілі алғашқы, шүйінші данасын Әлекеме өз қолымнан апарып бердім. Ақ шалған қалың қабағын көтеріп қана, ризалықпен қабылдаған. Мен де мәз болып едім. Арада оншақты күн өтпей, күлкім сап тыйылды. Кітапта өрескел қателер кетіпті, саяси, немесе мазмұндық емес, таза емлелік, сауат тұрғысында. Рысбек

Сарғожин дейтін ақсақал бар еді. Әлбетте, сақалсыз, бірақ алпыстан асса керек. Арғы беттен келген. Ол жақта өмірден тепкі, бұл жақта тұрмыстан таршылық көрген сияқты. Қандай жолмен екенін білмеймін, Әлекеңе барып тұратын. Енді бірде Ғылым академиясының ауласында қар күреп жүргенін байқап едім. Қашанда кеудесі басыңқы, именшек. Алайда, көкірегі даңғыл екенін бірден аңдағам, ұлттық, қазақы танымы жоғары, және қазақ ескілігінен жақсы хабардар. Бір ұлы 12-мектепте, біздің баламен бірге оқитын. Мен осы Сарғожин арқылы біраз жұмыс жасамақ болып, ең алдымен әйгілі «Қырық уәзір» қиссасын Академия кітапханасындағы арабша нұскасынан көшіріп әкелуге тапсырып едім, әрі бізге пайда, әрі ол кісі үшін тиесілі қаламақы. Әуелі бастапқы, кіріспе хикаясын әкеліп көрсетіңіз, дегем. Әкелді. Сөйтсем, Рыс-екеңнің бүгінгі, орыс негізді жазуда сауаты мүлде төмен екен, мына шағын көшірмесінің өзін жол-жолымен, сөз-сөзімен ажыратып тану мүмкін еместей. Мен амалсыз тоқтау салдым. Бұдан соң әлдебір ұсақ-түйегін бастық қой деймін, қандай көмек жасағанымыз есімде жоқ. Міне, осы Рысбек ақсақал аңда-санда маған келіп, әңгімелесіп кететін. Сол әдетімен кезекті бір келісі деп ойласам, Әлекемнің үлкен ренішін жеткізбек екен. Әлбетте, тілекші ретінде, өз тарабынан. Өте қатты ренжіп отыр сізге, деді. Жаңа шыққан кітапта қате бар дейді. Жай қаріп қатесі ғана емес. Мәселен, Қарқара – Қарқаралы болып кетіпті. Тым құрса маған оқытып алмады ма дейді. Басқасын білмеймін, деген. Енді мынау – ұят болды. Ешкімнен именбейтін көтеріңкі көңілім судай басылды. Әлекемнен ренішті телефон күттім. Сөйтіп, дұбара жағдайда оншақты күн өткен. Бұл екі ортада типографиядан кітаптың басқа бір данасын алғызған едім. Мұқият оқып жатырмын. Әріп қателері бар екен. Ұнамсыз болса да, кездесіп тұратын, кешірімді кінәрат. Міне – «Қарқаралы!» Кәдімгі, Кегендегі атақты жайлау ғой. Қарқара, Үш Қарқара. Мен қараған қолжазбадан кейінгі, тәрізі алғашқы терімде әлде редактор, жоқ, редактор менен де бұрын қараған, иә, көп білетін корректор «Қарқара» атауына күмән келтірген де, екі қаріп қосқан, – Қарқаралы болды да шықты. Кегендегі, қазақ пен қырғыз тоғысып жатқан «Қарқара» қайда, сонау Арқаның төсіндегі, Манасқа да, қырғызға да ешқандай қатысы жоқ «Қарқаралы» қайда!.. Шынында да масқара. Әсіресе, әрбір дерек, толғамын нақты ұстанатын ғалым адам үшін. Мен қаншама қолайсыз санағанмен, әжептәуір жеңілейіп қалған едім. Қайткенде Әлекеңді көрмей кете алмайсың ғой. Кітап шыққалы екі аптадай уақыт өтті. Буынымды бекітіп, Әлекемнің өзінің алдынан өтпек болдым. Бардық. Дәнел әдетінше, жылы жүзбен, күліп қарсы алды. Әлекем шай үстінде отыр екен. Мен кеудеме қолымды қойып, ізетпен амандастым. Әлекем маған қабағының астынан, түксие қарады, болмашы бас изегендей көрінген. Дәнел шайға шақырды. Дастарқан жаңа басталса керек, коньягін ішпепті. Сол бұрынғы әдетінше қайыра ұсынса, дәл осы жолы тартып жібергендей екем. Бірақ тіл қатпады. Кішкентай хрусталь рюмкадағы, сүт қатпаған қою, жирен шайға ұқсас коньякті дәмдеп отырып, биязы ішті. Содан соң маған қарап: «Иә, баспаларыңда не жаңалық бар?» – деп сұраған. Бұрын болмаған сауал. Мен бірден

оңылдым. «Бар жаңалық – кейде біздің корректорлар көп біледі де, орта жолдан өз қалауымен кейбір сөзді түзетіп жібереді...» – деппін. Сөз мәнісін аңдаған Дәнел жымылып күлді. Әлекем маған қабағының астынан сынай қарады да, қызына: «Әкелші ана кітапты», – деген. Алып келді. «Міне, – деді Әлекем белгілеп қойған бір бетін ашып, алдыма тосып. – «Қарқаралы!» Осындай да сорақы болады екен...» «Келеңсіз жағдаят, – дедім мен. – Алайда, аз-маз сауаты бар кісі – бұл арада Қарқара туралы сөз болып отырғанын бірден аңдаса керек. Оқиға қазақ-қырғыз шекарасында өтіп жатыр ғой...» «Иә, – деді Әлекем. – Мен міне, қолмен түзетіп қойдым. Кейінгі басылымдарда «Қарқара» болуға тиіс...» «Басқадай қателер жоқ па екен?» – дедім мен енді мүлде сейіліп. «Бар, бірақ өзің айтқандай...» Сонымен, дүние қалпына келді. Аздан соң ұстазымыз екеуіміз жазыла әңгімелесіп кеттік. Осы жолы ма, жоқ, кейінірек, «Шоқан және «Манастың» авторлық данасын алғаннан соң, арнайы сыйлап еді: «Ежелгі әдебиеттің негізін жақсы түсінетін жас ғалым Мұхтарға. Әлкей.» Арабша жазылған. Айы-күні қойылмаған. Және... ерекше ықыласы да байқалмайды. Алайда, мен үшін айрықша қымбат қолтаңба.

Бұл кезде «Манастың» Шоқан жазып алған үздік тарауы – «Көкетай ханның асы» баспаға әзір болған. Қырғыз тілді нұсқа емес. Әлкей Марғұланның қолынан шыққан аударма. Қырғызша «қотарма» десек, қазақы бітімі анық аңдалар еді. Әлекемнің негізгі жұмысы – қадым үлгілі қолжазба нұсқаны нақты ажырату тарабында болды дер едім. Бұдан соңғысы – шешен тілге байланысты. «Жоғарғы жолдың астында, – Ак сарайлап қоя гөр, – Төменгі жолдың үстінде, – Көк сарайлап қоя гөр...» – деп кете береді. Шын мәнісінде, екі тілдің диалектілік қана айырымы бар. Ал қазақ пен қырғыз – Еуропа жұрттарының ұғым, өлшемі тұрғысынан қарасақ, екі халық емес, бір халықтың туыстас екі тайпасы есепті.

Мен әуелгі монография терімге кетерден көп бұрын, Марғұлан қотармасы мен Шоқан қолжазбасын салыстыра отырып, текстологиялық толық екшеу жасап едім. Негізгі мәтінде түпнұсқадан ауытқу жоқ, тек кейбір реттерде ғана нақтылай түсу қажет-ті. Біз жасаған атаулы жұмыс – жырдың бастапқы, табиғи уәзініне байланысты болатын. Анықтап айтқанда, жыраулық өлең өлшемін сақтау. Жыр тармақтарындағы бунақ, буынның бірегей емес, әркілы көрінісі, басқы ұйқас және тұтас бір үзіктердің екпінге құрылуы. Жыраулық уәзіннің классикалық үлгілері – Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет толғауларында көрініс беретін. Ежелгі қазақ эпосында – «Ер Тарғын» және «Едіге» жырының кейбір түйдек шумақтары. Бұл өзгеше ағым Шоқанның «Манас» нұсқасында да кеңінен қолданылыпты. Сыпайылап айтсақ, көне қазақ (ноғайлы) поэзиясына тән бұл өзгеше сыпатты алғаш рет айқындап, ғылыми айналымға түсірген – біз едік. Әйткенмен, әзірше берік бекімеген. Әлкей Марғұланның «Манастан» қотармасы бұрынырақ жасалған сияқты, бұл жағдаят мүлде ескерусіз қалыпты. Сондықтан біз «Көкетайдың» кейбір үзіктерін әуелгі, тума қалыбына қайырған едік. Мәселен: «Алтын ердің қасы екен, – Ата жұрттың басы екен, – Күміс ердің қасы екен, – Күн түскен қалың ноғай

жұртының басы екен...» (Атаулы кітап дәп қазір қолымызда жоқ, алыста қалып еді, енді міне, сексенге тақаған шақта, баяғы даңғыл зердеміз кеміген, ойда қалған бірер үзікті әрең еске түсірдік, уақыт оза келе «Көкетайды» тапқызып алсақ, бұдан әлдеқайда ұтымды мысалдар келтіреміз, әзірге осының өзі жеткілікті сияқты...)

Сөйтіп, әлемдік «Манас» эпосын алғаш рет ғылымда әйгілеген – қазақ Шоқан Уәлиханов болса, советтік рухани һәм отарлық қыспақ кезеңінде жаладан арашалап қалған тағы да қазақ Мұхтар Әуезов екен. Ақыры, барлық түйін Әлкей Марғұланмен шешіліпті. Шынында да, басқа бір жұрттың қай мұрасы туралы қашан және қай қазақ осыншама толғаныпты. Бұл – жай ғана туыстық көрінісі емес, жоғарыда айтқанымыздай, рухани үйлестік пен генетикалық бірліктің көрінісі.

Шоқанның «Манасы» сол түпнұсқа таңбадағы «Көкетай ханның ертегісі» деген атпен, Есенберлин «Жазушы» баспасынан кеткеннен соң әжептәуір тежеліп, 1974 жылы ғана жарыққа жетті.

Әлемнің «Шоқан және «Манас» монографиясы баспаға әзірленіп жатқан 1970 жылдың қоңыр күзінде XV–XVIII ғасырлар, яғни Қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ поэзиясының мен құрастырған «Алдаспан» антологиясы жарияға шыққан. Алды дүкенге түсті, арты таралып үлгермеді, өкімді мекемелер тарабынан бұл өзгеше кітапты тұтқындау туралы жарлық берілген. Бірден-ақ жағдай қиынға айналды. Алайда, ажалға мойын ұсынып, қарап отыруға болмайтын еді. Баспа директоры Ілияс Есенберлин екеуіміз ұтымды, қарсы шаралар ұйымдастыра бастадық. Соның бір тармағы – ежелгі қазақ әдебиетінің мән-маңызы және осы атаулы кітап туралы белгілі ғалымдардың ақиқат пікірін ұйымдастыру болатын. Мен әуелгі бір кезекте атағы зор, беделі де жоғары ұстазым Әлкей аға Марғұланның төрелігіне жүгініп едім. Жоғарыда айтқанымдай, бұл кезде ұстаз бен шәкірт, әке мен бала арасындағы жақындығымыз ерекше. Ілкіде ғана «Алдаспанның» алғашқы, авторлық даналарының бірін апарып бергем. Енді, дүние теріс айналып бара жатқанда арнайы барып, істің мән-жайын айттым. Түскі ас үстінде отырғанбыз. Денсаулығы мықты, тәбеті жақсы Әлемек тамағын тауысып, шайын ішіп болар-болмаста, қағаз, қалам алғызып, дастарқан шетіне тұқшыып, бөгеліссіз жаза бастады. Бізге шай құйып отырған қызы Дәнелдің қолына оңайдан ілінгені – оқушы немере Дәмештің тор көз дәптері екен. Әлемек әп-сәтте бір жарым бетін толтырды да, екі парақты түбінен жыртып алып, қолыма ұстатты. Міне, сондағы қалпы:

«Алдаспан» жинағы туралы

XV–XVII ғасырдағы Қазақ қауымының тарихы, географиясы бірталай терең зерттелген. Бірақ ол дәуірде туған әдебиет пен өнер тарихы әлі зерттелмей келеді. Бұл ретте әдебиетші-тарихшы ғалымдар халық бұқарасының алдында үлкен борышты. Осы олқылықты жою жолында шаршамай еңбек етіп жүрген – жас ғалым Мұхтар Мағауин. Жақын арада М.Мағауин «Алдаспан» атты XV–XVIII ғасырдағы халық ақындарының жинағын шығарды. Оған Қазтуған, Асан-Ата, Доспамбет, Шал-Күйез,

Жиембет, Марғасқа, Тәтікара, Үмбетей, Бұхар-Жырау сияқты, асқан атақты жыраулардың толғау жырын тізген, Көтеш, Шал ақындардың жырын кіргізген. Бұлардың барлығы орта ғасырларда Қытай, Жоңғар, Шүршіт шапқыншылығына қарсы жырлап, халық тәуелсіздігін жоқтаған, атақты жыраулар. Бұлардың кейбіреуінің тілінде оқта-текте жолығатын бүгінгі құлаққа жатырақ естілетін жерлері болуы мүмкін. Бірақ олар тіпті аз. Бүгінгі сын көзімен қарап оқитын көпшілікке олардың әсер етуі мүмкін емес. Сондықтан бұл жинаққа өте жылы көңілмен қарап, атақты жырауларды көпшілікке көрсету – бүгінгі ер жеткен заманымызға сай келетін мәдени жаңалықтың бірі деп білемін.

Ә.Марғұлан
25.XI.1970.

«Алдаспан» оқиғасы, ұлы мұраны сақтап қалу жолындағы күресіміз туралы 1996–1998 жылдарда жазылған «Мен» атты ғұмырбаяндық дилогияда және күні кешегі «Ілияс аға Есенберлин» дейтін естелік-толғауда кеңінен қамтып, бажайлап жазғанбыз. Ежіктеп қайталап жатудың реті жоқ. Ақырғы нәтиже – «Алдаспанның» 1970 жылғы бірінші басылымының сатымға ілінбеген негізгі бөлігі мүлде жойылды. Алайда, ең әуелі Ілияс Есенберлиннің, одан соң көлденеңнен үн қосқан Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин және Мәскеулік түрколог, профессор Әмір Нәжіптің және осылардың бәрінен бұрын Әлкей Марғұланның ашық араласуы арқасында, қазақ әдебиетінің тарихындағы бетбұрыс кітапты, жекелеген іркіліс, қысқартулармен ғана, тұтастай аман сақтап қалдық. Азмаз жұлмаланса да, негізгі тұрғысы шайқалмаған, асыл сүйегі бүлінбеген «Алдаспан» келер жылы қайыра басылып шықты.

Табиғатында бұйығы, жеке-дара жүретін Әлкей Марғұлан осы бір кезеңде қазақ тарихи романы туралы бүткіл республика көлемінде ушыққан, талас-тартысты тақырыпқа да белсене араласып еді. Мәселенің кілтипаны – Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында ғана тұрмаған. Қазақта өзіндік тарих болды ма дейтін қияпас сауалдың оң шешімі қажет еді. Ғұлама Марғұлан әуелде Жазушылар одағында өткерілген тартысты жиын – Есенберлин романына қатысты жалалы мақаланы талқылаған кеңеске келіп, аталы сөзін айтты. Келер жылы мына біздің жалғастыруымыз арқылы Есенберлиннің тарихи романдары туралы зерделі мақала жазып еді. Әлекеңнің бұл байыпты еңбегі әуелде Алматыда, одан соң Мәскеуде Есенберлин трилогиясының, кейде алғысөзі, кейде соңғысөзі ретінде әлденеше рет басылып шықты және күні бүгінде мән-мағнасын жойған жоқ.

Әлекем менің білігімді нақты танып, табанды, екпінді мінезімді аңдап, айрықша жақсы көріп еді. Үлкен үміт күтті. Әдебиет тарихын, ежелгі қазақ-түрік эпосын түбегейлі зерттеп, көп жаңалықтар ашатын ғалым ретінде. Әуелгі бастауыма қарай бағалағаны. Алайда мен «Қобыз сарыны» мен «Алдаспаннан» соң көркем прозаға біржола бет бұрған едім. Орта жолдан айну емес, бастапқы, ең негізгі бағдар. Әлбетте, ғылымды да қатарлас жүргізуге болады. Алайда, біздің қазақ жағдайында екіге

жарылу мүмкін емес-ті. Мен алдағы заманда әдебиеттану саласынан біржола қол үзбесем де, түпкілікті жұмыстан тартына бастадым. Жазушылық қызметтің өзі бір өмірге артығымен жететін. Әлекем осы орайдағы әуелгі әңгімелер мен «Тазының өлімі» хикаяты топталған «Ақша қар» жинағына мән бермеп еді. Енді 1972 жылы алғашқы романым «Көк мұнарды» апарып бергенде, бір түрлі қоңылтақсып қалды. Ішкі бетін ашпай, көңілсіз, аударара-төңкере қарап отырып: «Баянсыз, болмашы шаруаны қуып кетіпсің...» – деген. Яғни, ең маңызды шаруа – ғылым, менің жағдайымда – фольклористика мен әдебиет тарихы, қазіргі кезеңде мен үшін ғана емес, қазақ үшін ең керекті сала. Мен ақталып, немесе таратып жатпадым. Алайда, Әлекем қапысыз аңдап отыр. Менің ендігі негізгі бағытым – жазушылық қызмет болмақ. Сол жолы ма, кейінірек пе, сөз арасында, өзімнің қатар-қатар тарихи романдар жазбақ жоспарым барын айтып едім. Әлекем ойлана қарап аз-маз отырды да, әңгімені басқа тарапқа аударды. Әуелгі, кейіске жақын лепесінен соң, менің ендігі жұмысым туралы сөз қозғамап еді. Тек Шота Уәлихановқа айтқан екен. Анау Мұхтар Мағауин үлкен ғалым болатын еді, өнімсіз істің соңында кетті, деп. Өкпе, реніш ішіне сыймаған. Бәлкім, тағы біреулерге және шағынуы. Менің өзімнің де көңілім ала-бұла, бірақ амал не, екіге жарыла алмайсың. Қайткенде де Әлекеме деген құрметім азаймаған.

Адам баласының әлдебір ішкі түйсікпен айрықша жақындасатын кездері болады. Осыған керісінше, ешқандай сыртқы себепсіз-ақ алыстайтын жағдайлары бар. Мен Әлкей аға Марғұланнан ешқашан алыстағам жоқ. Алайда, 70-жылдардың орта шенінен бастап, үйіне баруым сиреді, бұрнағы әңгімелер қайта жаңғырмады, бұған Әлекемнің қабағы емес, менің қашанда жетіспей жататын уақытым себеп болғандай. Уақыт та емес, бұрнағы, ғылымға деген құлшыныс енді көркем прозаға түгелдей ауысқан. Қатарлас әңгіме, хикаяттар, ақыры – «Аласапыранның» аламан отырысы. Мен ешқашан ұмытқам жоқ, қашанда бар жылуымен көкейімде тұрады. Әлекем де мені естен, есептен шығармапты.

1984 жылы Әлкей Марғұлан сексен жасқа келді. Бұл кезде «Аласапыран» тәмам болған, екі кітабы да, атаулы шырғалаңсыз, сәтімен басылып шыққан. Өмірдің өріне жетіппіз, көңіл біршама байсал тартып, жанымыз жай таппаса да, көкірегіміз кеңіп еді. Қолымыз да бұрынғыдан босаңсыған. Уақытында қаузасам, Әлекемнің мерейтойы қарсаңында шағын, әлде көлемді, қайткенде жүрекжарды мақала жазар едім. Бірақ өткізіп алыппын. Жаңылмасам, қоңыр күзде, «Есік» ресторанында ұлан-асыр той болды. Мені атап шақырыпты. Және біз қатарлас, тіпті, бізден кейінгі жастар. Ғылым төңірегіндегі ғана емес, осы мерейлі биікті әйгілеуге ат салысқан қаламгерлер мен газет, журнал қызметкерлері түгел. Әлекем жас балаша қауқалақтап жүрді. Раушан шешеміздің де жүзі жарқын. Салтанатты, мерейлі мереке. Құрметке толы, риясыз тілектер. Ән мен күй. Әлкей Марғұланның сексен жылдығын көру, елдің елеулі тұлғалары қатарында той тойласу – кішілер ғана емес, үлкендер үшін де зор мәртебе болатын. Ырду-дырдусыз, сәнді, саликалы жағдайда, өте жақсы отырдық. Кең дүниенің ақыры деп кім ойлаған. Жүз жасайды, кемі

тоқсанды еңсереді деп жүрген қайран Әлекем арада жарым жыл өтпей, бақиға аттанған. Тым көп ұзамай, шешеміз де соңынан кетіпті. Артында жалғыз қызы қалып еді. Баяғы, мен таныған Дәнел. Пешенесіне Алаштың алыбы, ерекше әкенің бар мұрасына иелік жасау несібесі бұйырған екен. Әрі құрмет, әрі міндет. Және ауыр салмақ. Ақыры, Әлкей Марғұланның он төрт томдық шығармалар жинағының жарыққа жетуіне ұйытқы болды. Әлбетте, тәуелсіз елдің ресми мекемелері, ғұлама ғалымды таныған, бағалаған, қазақ қанды азаматтардың көмек, қолдауымен. Бірақ бұл да ақыр соңы емес. Академик Әлкей Марғұланның құпия архивінде тағы қаншама қазына жатқаны белгісіз. Белгілі – бірақ тек Дәнел Әлкейқызы Марғұланға ғана мағлұм жағдаят. Ең бастысы – мол мұра шашауы шықпай, бүгінгі күнге жетті, жариядан тыс қалғанының өзі – тақаудағы ай, жылдарда ғылыми айналымға түсері күмәнсіз.

Тіршіліктегі танымы ғана емес, өткеннен соңғы құрметі де ерекше болған Әлекемнің арманы жоқ дер едім. Салыстырып айтқанда. Қуғын, қысас көрсе де, қапаса түспеді. Соның өзінде, басқа бір, еркін заманда жасаса, бар мұрасы ел-жұртын соншама тостырмай, өз кезінде жарыққа жетіп жатар еді. Және замана, уақыт ынғайымен іркіліп қалған, шешімін таппаған тағы қаншама, мәнді еңбектер. Десе де, барына тәуба. Қазақтың халқы да, ғылымы да риза. Шын мәнісінде тыйым тақырып – Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет тарихын негіздеген күрделі, алғашқы еңбегімді кеудесімен көтеріп өткізген Әлекеме менің де алғыс, ризашылығым шексіз. Бұдан соңғы кезең, атаулы монографиям жарыққа шыққанда арнайы, көтерме мақала жазып, атақ, абыройыма септесті, баласындай бауырына тартты. Енді, Әлекем бақиға көшкеннен кейін, көп ұзамай, баяғы “Жазушы” баспасына бас редактор болып оралған едім. Академик Марғұланның бұрнада жоспарланып, бірақ тоқырап тұрған, аса мәнді “Ежелгі жыр, аңыздар” атты, көлемді монографиясын қолға алып, мұқият қарастырып, күмәнді тетіктерінің бәрін шешіп, тезінен баспаханаға өткіздім. Келесі 1985 жылы жарыққа жеткен еді. Шәкірттік парыз ғана емес, қазақтық міндет атқарылған азғана қанағат. Сонымен қатар... міне, жарым ғасыр – ел жаңаратын елу жыл араға түскен кезде ойланып отырсам, ғапыл істер де бар екен. Мұның біріншісі – 1969, әлде 1970 жылы өзімен бірге Сары-Арқа сапарына шақырған. Алаша хан – Жошы хан – Ұлытау – Қызыларай. Ай бойы алаңсыз аралап шығамыз, деген. Мен соншама қызыққаныммен, ойланып барып кешірім сұрап едім. Бұл кезде жалпы жағдайым жақсы, алайда уақыт тапшы және алды бес жасқа толмаған, арты бесіктен шықпаған үш сәбиім бар, үйде менсіз қиын болар деп қана тартынған едім. Бүгінде немере, шөберелі болған бәйбішем айтады, мен білмей қалдым, әйтпесе, қарсы болмайтын едім, бір айды әйтіп-бүйтіп өткізер едік қой, деп. Бұл – қазіргі пайым. Бәлкі, балашағадан басқа да бөгесін болды ма. 1969 жыл десек, менің төтеден әскер қатарына шақырылып, берекем қашып жүрген алмағайып кезең. 1970 жыл десек, бұл кезде де менің тынысым тар – айналасы бір ай демалыс тек қана жазуға арналмақ. Әйтеуір Әлекеммен бірге шыға алмаппын. Қайткенде орнына келмес өкініш. Мәселе, атаулы нысан, бедерлі жер

жайында емес. Кейін Алаша хан мен Жошы ханды да, Қызыларай мен Ұлытауды да көрдім. Мәселенің мәйегі, осы Әлекеме жолсерік болған кезімде сол Алаша хан, Жошы хан, байтақ Сары-Арқаға қатысты қаншама кеңес еститін едім. Және Әлекемнің өзі таңбалап үлгермеген ерекше тауарих, ғаламат хикаялар... Екінші өкініш – осыған жалғас. Әлде менің артық сөз сұрамайтын ғадетім, әлде дәп сол кезде оншама маңызды санамаған келте білігім, немесе, әрқилы кеңес кезінде кезегі тимеген кілтипан – Әлекемнің Алаша хан мен Жошы ханның басын қазған оқиғалары. Бұл тараптағы жазба ақпары тым жұтаң. Кейін ел арасынан ертегі, аңызға айналған қаншама әңгіме естідім. Қайткенде, өзінен сұрап қалуым керек екен. Амал не. Адамның арманы таусылған ба...

28–30.ІІІ.2018,
Силвер Спринг, Мэриленд, АҚШ.